



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**  
**«Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірінғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

- В049-Құқық**
- В096-Құқық қорғау қызметі**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Мемлекет және құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және құқық ғылымдар жүйесіндегі орны.	01	Мемлекет және құқық теориясының пәні, әдістері және функциясы. Мемлекет және құқық теориясының құқық ғылымдар жүйесіндегі орны.	Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясы негіздерінің орнын анықтау. Заң ғылымдары жүйесін айқындау.
02	Мемлекеттің пайда болуы. Түсінігі, мәні, белгілері, тарихи типтері және қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орны.	02	Рулық-тайпалық құрылымының құлдырауы және мемлекеттің пайда болуы. Мемлекет белгілерінің қалыптасуы.	Мемлекеттің белгілері мен алғашқы қауымдық жүйенің ыдырау себептерін анықтау.
		03	Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің мәні және әлеуметтік тағайындалуы. Мемлекет типологиясы.	Мемлекеттің типологиясына сипаттама беру. Мемлекеттің мәнін анықтау.
03	Мемлекет нысаны (формасы).	04	Басқару нысаны және түрлері. Мемлекеттік құрылым нысаны және оның түрлері. Саяси режим және оның түрлері.	Мемлекет құрылымдарын анықтау. Басқару тәртібі түрлері мен белгілерін, саяси режим тәртібін, мемлекеттік құрылыс тәртібін анықтау.
04	Мемлекеттің функциялары. Мемлекет механизмі (аппараты). Құқықтық мемлекет және оның	05	Мемлекет функциясының ұғымы, мазмұны және оның жіктелуі. Мемлекеттік аппарат.	Мемлекет функцияларының түрлерін бөліп көрсету. Мемлекеттің механизміне сипаттама

	негізгі сипаты.			беру.
		06	Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуы.	Құқықтық мемлекеттің белгілерін анықтау.
05	Құқық ұғымы және мәні. Қазіргі құқық ұғымы.	07	Құқықтың мәні және тарихи типтері. Құқықтық функциялар және олардың әлеуметтік жағдайы.	Құқықтың тарихи түрлерін бөліп көрсету және оларға сипаттама беру. Құқық функцияларын анықтау
		08	Қазіргі таңдағы құқық ұғымы. Құқықтың қайнар көздері және түрлері.	Құқық көздерінің түрлерін анықтау.
06	Құқық нормалары және оның құрылымы. Нормативтік - құқықтық актілер және оларды жүйелеу.	09	Құқық нормаларының элементтері. Құқық нормаларының түрлері.	Құқық нормаларының элементтерін бөліп көрсету. Құқық нормаларының түрлерін сипаттау.
		10	Нормативтік-құқықтық актілердің түрлері. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйеге келтіру ұғымы және түрлері.	Нормативтік құқықтық актілерді жіктей білу. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу түрлерін бөліп көрсету.
07	Әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық. Құқықтық сана және қоғам өміріндегі оның рөлі.	11	Әлеуметтік нормалар түрлері. Құқықтық сана түсінігі, элементтері және түрлері. Заңгердің кәсіптік санасы.	Әлеуметтік нормалардың түрлерін анықтау. Құқықтық сананың түрлері мен элементтерін бөліп көрсету.
08	Құқықшығармашылық. Құқықты жүзеге асыру нысандары. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру және нормативтік-құқықтық актілерді талқылау.	12	Құқықшығармашылық. Құқықты жүзеге асыру нысандары және әдістері. Құқық нормаларын қолданылуының негізгі сатылары. Құқық нормалары актілерін қолдану.	Құқықты іске асырудың түрлері мен әдістерін сипаттау. Құқықты қолдану процесінің сатыларын анықтау. Құқық нормаларын қолдану актісінің бөліктерін бөліп көрсету. Құқық нормаларын қолдану актілерін жіктеу.
		13	Құқық нормаларын талқылау түрлері. Құқықты түсіндіру әдістері (тәсілдері).	Құқық нормаларын түсіндіру түрлерін бөліп көрсету. Құқықты түсіндіру әдістерін меңгеру.
09	Құқықтық қатынастар. Құқықтық тәртіп, құқық бұзушылық және заң алдындағы жауаптылық.	14	Құқықтық қатынастардың белгілері және элементтері. Заңды фактілер және олардың түрлері.	Құқық нормаларының элементтерін анықтау және сипаттама беру. Заңдық фактілердің түрлерін бөліп көрсету.
		15	Құқық бұзушылық белгілері, элементтері және түрлері.	Құқықтық қатынастардың

			Заң алдындағы жауаптылық түрлері және құқықтық санкциясы.	элементтері мен белгілерін айқындау. Заңдық жауапкершілік түрлерін анықтау.
10	Құқықты реттеу механизмі. Қазіргі қоғамдағы заңдылық және құқықтық тәртіп.	16	Құқықтық реттеу механизмі және оның элементтері. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету әдістері мен кепілдіктері	Құқықтық реттеу тетігінің элементтерін бөліп көрсету. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің кепілдіктерін анықтау.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19- тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Булгакова Д. А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы.— Алматы: Заң әдебиеті, 2006.

2. Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраева Мемлекет және құқық теориясы, Астана, 2006

3. Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраева Мемлекет және құқық теориясының негіздері; «Фолиант» бапасы, Астана-2015

4. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. – Алматы, «Нұр-пресс», 2007

5. С. Өзбекұлы, Ө. Қопабаев Мемлекет және құқық теориясы, Алматы «Жеті Жарғы» 2006

6. Жоламанов Х.Х., Таукелев А.Н., Мухтарова А.К. Мемлекет және құқық теориясы.- Алматы; Баспа, 2014
7. К.И.Оспанов Құқық пен мемлекеттің негіздері, Алматы 2013
8. Қ.Қ.Әділбекова, Г.М.Жақсыбаева Мемлекет және құқық теориясы, Қарағанды 2006
9. Р.Ж. Таужанова Мемлекет және құқық теориясы бойынша сызбалар жинағы. Оқу құралы, Талдықорған 2014
10. А.Д. Дарханбаева Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы, Алматы 20
- 11.. Теория государства и права: Учебное пособие.-2-е изд., доп.и изм.Алматы: Жети жарғы, 2006. Ибраева А.С.
12. Теория государства и права: Учебное пособие. Алматы: Издательство «NURPRESS» 2016. Булгакова Д.А.
13. Теория государства и права: М. И. Абдулаев — Санкт-Петербург, Санкт-Петербург, Издател, 2010 г.- 468 с.
14. Теория государства и права. Учебное пособие: В. И. Власов, Г. Б. Власова — Санкт-Петербург, Феникс, 2012 г.- 331 с.
15. Теория и государства и права: учебно-наглядное пособие. Алматы: Юрист, 2008. Григорьев В.И., Григорьев Ф.В.
16. Хрестоматия по теории государства и права: Т. Н. Радько — Санкт-Петербург, Проспект, 2015 г.- 718 с.
17. Теория государства и права: Хропанюк В.Н. – М.: Омега Л, 2008.- 384 с.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы

  
М.Рахымбек  
(қолы) (Т.А.Ә)

«15» қыркүйек 2022 ж.

  
 

